Цифрлық әдіскер
ақпараттық-білім беру ортасы

ДӘРІСТЕР ЖИНАҒЫ

Python бағдарламалау тілі

Болашақ информатика мұғалімдеріне арналған Python негіздері: синтаксис, деректер құрылымдары, функциялар және алгоритмдік есептер.

- Синтаксис және деректер түрлері
- Шартты операторлар мен циклдер
- Тізімдер, сөздіктер, жиындар
- Функциялар және модульдер
- Файлдармен жұмыс
- Алгоритмдік есептер

ДӘРІС ЖИНАҒЫ

КІРІСПЕ

Оқу құралында заманауи технологиялар мен бағдарламалау тәсілдерінің теориялық негіздерімен қатар, практикалық бағдарлама құру мәселелері қамтылған. Python жоғары деңгейлі программалау тілі аясында негізгі алгоритмдік құрылымдар мен олардың жүзеге асырылуы кеңінен қарастырылған. Мұнда компьютерлік бағдарламаларды жасау ерекшеліктері, Python тілінің негізгі синтаксистік құралдары - жолдар, тізімдер, сөздіктер, файлдар - және оларды тиімді пайдалану тәсілдері көрсетілген. Сонымен қатар, бағдарламалау барысында жиі кездесетін есептер мен оларды шешудің жолдары, функциялар арқылы бағдарламаны құрылымдау мен жетілдіру мәселелері жан-жақты сипатталған. Python тілінде графикалық интерфейсі бар қосымшаларды дайындау әдістері бірізді әрі жүйелі түрде баяндалады. Теориялық бөлімдер түрлі мысалдармен және бағдарламалау процесін кезең-кезеңмен көрсететін иллюстрациялармен толықтырылып, оқушылардың өздігінен орындауына арналған практикалық тапсырмалар арқылы олардың нақты дағдыларын қалыптастыруға жол ашады. Пәнді оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың логикасын дамытып құрылымдық бағдарламалаудың базалық түсінігін қалыптастыру, 2d ойынына программа құруға үйрету, бағдарламалу тілінде PyGame, Tkinter кітапханасын іске қосуды үйрету, ойын терезесін ашу үшін PyGame, Tkinter кітапханасының дайын модульдерін пайдалануға, GUI арқылы программаларды басқару кодын жазуға дағдыландыру, бағдарламалық кодты трансляциялау әдістерін үйрету. Оқу құралында бағдарламалау тілдерінің PyGame, Tkinter кітапханасы жайлы түсініктер мен Python бағдарламалау тілінде PyGame, GUI, Tkinter кітапханасын орнату әдісі және қолдану жолдары, GUI арқылы программаларды басқару, батырма арқылы деректерді енгізу, т.б. мәліметтер берілген. Бағдарламаны меңгеру және бағдарлама құруды үйрену нәтижесінде білім алушы, білуі керек:

- Python бағдарламалау тілінің ерекшеліктерін;
- Python ide бағдарламалау ортасында жұмыс жасау принциптерін;
- Python бағдарламалау тілінің синтаксисінің негіздерін;
- Python тілінің негізгі объектілернің құрылымын және типтілігін;
- Python тілінің құрылымын басқару және олардың жұмыс принципін;
- Python программалау тілінде 2d ойынын құру, PyGame, Tkinter кітапханасының дайын модульдерін пайдалану;
- GUI арқылы программаларды басқару.

жасай алуы керек:

- Python ide бағдарламалау ортасын орнатып баптай алуы;
- Python тілінің басқарушы конструкцияларын жаза алуы;
- Тұтынушылық функцияларын құрып және қолдана алуы;
- Python модульдерін жүктеп және осы модульдің функцияны шақыру, модульдің анықтамалық ақпараттарымен жұмыс жасай алуы;
- Python тілінде 2d ойынын құра алады.

Оқу құралында Python-да ойын құруға және кодтау дағдыларын жетілдіруге қызығушылық танытатын жаңадан бастаушылар мен бағдарламашыларға, білім алушыларға арналған. Оқу құралы болашақ ақпараттық технологиялар мамандарының әдістемелік және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, сондай-ақ ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға үлес қосады деп сенеміз.

1 Python бағдарламалау жүйесі. Python тілінің негізгі элементтері

1.1 Python бағдарламалау тілі

Python тілі - тиімділігі жоғары бағдарламалау тілі. Басқа тілдермен салыстырғанда Python-да код қысқа әрі ықшам жазылады, бұл өз кезегінде кодтың құрылымын жеңіл әрі түсінікті етеді. Python синтаксисі анық әрі таза код жазуға жол ашады, ал бұл кодпен жұмыс істеуді - яғни оны түзету мен жаңартуды - жеңілдетеді. Python тілі көптеген салаларда

қолданыс табады: күрделі ойындар әзірлеуден бастап, веб-қосымшалар мен бизнеске бағытталған шешімдерге дейін. Сонымен қатар, ол түрлі жобаларда ішкі құралдар жасауға және ғылыми зерттеулерде, математикалық есептерді шешуде белсенді қолданылады. Бүгінгі таңда Python-ның екі негізгі нұсқасы бар: Python 2 және Python 3. Бағдарламалау тілдері уақыт өте келе жаңа идеялар мен технологиялардың ықпалымен дамып отырады. Python тілі де бұл үрдістен шет қалмай, оны жетілдіруге бағытталған үздіксіз жұмыстар жүргізілуде. Кейбір жаңартулар үлкен болмағанымен, Python 2-де жазылған кодтар Python 3 жүйесінде жұмыс істемеуі мүмкін жағдайлар кездеседі (1.1 кесте).

1.1 КЕСТЕ - PYTHON ТІЛІНІҢ НҰСҚАЛАРЫ

Python нұсқасы	Шығарылған күні
Python 1.0	1994 жылдың қаңтары
Python 1.5	1997 жыл 31 желтоқсан
Python 1.6	2000 жыл 5 қыркүйек
Python 2.0	2000 жыл 16 қазан
Python 2.1	2001 жыл 17 сәуір
Python 2.2	2001 жыл 21 желтоқсан
Python 2.3	2003 жыл 29 шілде
Python 2.4	2004 жыл 30 қараша
Python 2.5	2006 жыл 19 қыркүйек
Python 2.6	2008 жыл 1 қазаны
Python 2.7	2010 жыл 3 шілде
Python 3.0	2008 жыл 3 желтоқсан
Python 3.1	2009 жыл 27 маусым
Python 3.2	2011 жыл 20 ақпан
Python 3.3	2012 жыл 29 қыркүйек
Python 3.4	2014 жыл 16 наурызы
Python 3.5	2015 жыл 13 қыркүйек
Python 3.6	2016 жыл 23 желтоқсан
Python 3.7	2018 жыл 27 маусым
Python 3.8	2019 жыл 14 қазан
Python 3.9	2020 жыл 5 қазан
Python 3.10	2021 жыл 4 қазан
Python 3.11	2022 жыл 3 қазан
Python 3.12	2023 жыл 3 қазан
Python 3.13	2025 жыл 12 наурыз

Python - кросс-платформалық тіл, яғни ол барлық танымал операциялық жүйелерде қолданыла алады. Дегенмен, әр операциялық жүйеге орнату жолдары сәл ерекшеленеді. Python тілі келесі мүмкіндіктерімен ерекшеленеді:

- серверлік веб-қосымшаларды жасауға мүмкіндік береді;
- бағдарламалық жүйелермен бірігіп жұмыс процесін автоматтандыруға жарамды;

- дерекқорлармен байланыс орнатып, файлдарды оқу және өңдеу қабілетіне ие;
- күрделі есептеулер мен үлкен деректерді өңдеуге бейімделген;
- бағдарламалық өнімдерді жасау үшін кеңінен қолданылады. Python 3 нұсқасында мықты және тиімді бағдарлама жазу үшін түрлі модульдер мен кітапханаларды дұрыс үйлестіру маңызды. Бұл пайдаланушыға күрделі процестерді жеңілдетіп, дайын шешімдер арқылы бағдарламаны тез құрастыруға мүмкіндік береді. Егер Python тілін жеке компьютерде қолданғыңыз келсе, оның ең соңғы нұсқасын https://www.python.org/downloads/ ресми сайтынан жүктеуге болады. Орнату үшін келесі қадамдарды орындау қажет:
- Жоғарыда көрсетілген сайтқа кіріп, Python орнату файлын жүктеу;
- Орнату шебері нұсқауларын орындау;
- Python жұмысын тексеру үшін қарапайым бір-екі бағдарлама жазып көру.

Python-ды орнату (жүктеу). Python - тегін таралатын бағдарлама, оны 1.1-суретте көрсетілген ресми веб-сайттан компьютерге оңай жүктеуге болады. Кодты іске қосудың екі түрлі тәсілі бар:

- Интерактивті режим;

1.1 СУРЕТ - PYTHON БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮКТЕУ

Интерактивті режим деп аталуының себебі - бұл режимде «Пуск» батырмасы арқылы IDLE деп іздеу нәтижесінде IDLE (Python 3.7 32-bit) бағдарламасы ашылады. Онда жазылған командалар тікелей жұмыс аймағында орындалады. Бұл әдіс жеке жолдармен кодты орындап көруге және сынауға өте қолайлы (1.2-суретке қараңыз).

1.2 СУРЕТ - PYTHON-НЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ НҰСҚА КӨРІНІСІ

Сондай-ақ, а айнымалысына белгілі бір мән беріп, сол мән арқылы түрлі операцияларды орындауға мүмкіндік бар (1.3 сурет).

1.3 СУРЕТ - АЙНЫМАЛЫ МӘНІН ЕСЕПТЕУ

Алайда, интерактивті режимнің бір кемшілігі - алдыңғы енгізілген нұсқаулар сақталмайды. Мысалы, Shell мәзірінен Restart Shell (Қайта іске қосу) пәрмені таңдалған жағдайда, бұрын берілген а айнымалысы жойылып, жүйе мұндай мәннің жоқ екенін көрсетеді (1.4 және 1.5-суреттерді қараңыз).

1.4 СУРЕТ - ҚАЙТА ЖҮКТЕУ (RESTART SHELL) КӨРІНІСІ

1.5 СУРЕТ - ҚАЙТА ЖҮКТЕУ НӘТИЖЕСІНІҢ КӨРІНІСІ

Келесі маңызды ерекшелік - санды енгізген кезде оны экранға шығару үшін print сөзін жазу міндетті емес, сан автоматты түрде көрсетіледі. Ал мәтін шығару үшін print командасынан кейін жақша ішіне тырнақша арқылы мәтінді жазу қажет (1.6-сурет).

1.6 СУРЕТ - PRINT СӨЗІН ҚОЛДАНУ КӨРІНІСІ

1. Файлдық режим. Файлдық нұсқаны пайдалану үшін File → New File (Ctrl+N) командасын таңдау қажет. Осы әрекеттен кейін 1.7-суретте көрсетілген жаңа терезе ашылады.

1.7 СУРЕТ - ЖАҢА ФАЙЛ ҚҰРУ

Ашылған жаңа терезеге есептелетін мән print командасы арқылы енгізіледі. Бұл файлға атау беріліп, ол сақталады. Кейіннен Run → Run Module (F5) пәрмені таңдалады. Нәтижесінде нәтиже интерактивті режим терезесінде көрсетіледі (1.8-сурет).

1.8 СУРЕТ - ФАЙЛДЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІ НҰСҚАЛАР КӨРІНІСІ

Назар аударатын жайт - егер print командасының алдында бос орын (пробел) жазылса, бұл синтаксистік қате ретінде қабылданады. Мәтінді экранда көрсету үшін міндетті түрде print пәрмені қолданылады (1.9-сурет). Сонымен қатар, мәтін жақша ішіндегі тырнақшада жазылуы қажет. Егер тырнақша қойылмаса, бағдарлама қате туралы хабарлама шығарады.

1.9 СУРЕТ - PRINT СӨЗІНІҢ ЖАЗЫЛУ КӨРІНІСІ

Енді объектілер, сандар және оларға қолданылатын операцияларға тоқталайық. Бағдарлама - бұл компьютерге белгілі бір әрекеттер тізбегін орындауды анықтайтын нұсқаулар жиынтығы. Объектілерді түсіну - бағдарламада қолданылатын сандар мен мәтінді анықтау үшін маңызды. 1-мысалда (1.9-сурет) бес қатарда объектілер көрсетілген. Алғашқы үш қатар сандарды есептеуге арналған болса, соңғы екі қатар мәтінді экранға шығару үшін қолданылады. Сондықтан объектілердің алдын ала анықталған түрлеріне назар аудару керек.

1.2 Сандар (Numbers)

Python программалау тілінде сандар - деректердің маңызды типтерінің бірі. Олар әртүрлі математикалық есептеулер мен логикалық операцияларда қолданылады. Python тіліндегі сандар бірнеше типте болады: қарапайым бүтін сандар (int типі), ұзын бүтін сандар (long типі), және нақты сандар (float типі). Мектептегі есептерде көбінесе бүтін және нақты сандар қолданылады. Сандарға қатысты негізгі операциялар 1.2-кестеде көрсетілген.

1.2 КЕСТЕ - САНДАРМЕН ОРЫНДАЛАТЫН НЕГІЗГІ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

Операциялар	Сипаттамасы
x + y	Қосу
x – y	Азайту
x * y	Көбейту

x/y Бөлу. Ескерту: Python 3 нұсұасынан бастап / операторы әрдайым нақты сан (float) түрінде нәтиже береді. Мысалы, 100 / 8 нәтижесі 12.5 ал 100 / 4 операциясының нәтижесі 25.0 болады. x**y Дәрежелеу x//y Қалдықсыз бөлу. Бөлінді мәнінің бүтін санын алады. x%y Қалдықты бөлу. Бөлінген мәннің қалдық санын алады

Сандарды нақты типтен бүтін типке және керісінше түрлендіру үшін Python тілінде int() және float() функциялары бар. Мысалы, int(12.6) нәтижесі 12 болады, ал float(12) - 12.0. Бүтін және нақты сандарға қолданылатын операцияларда 1.3-кестеде келтірілген ережелерді ескеру қажет. Мысалы:

```
2 + 5 = 7
2.5 + 5 = 7.5
5 – 6 = –1
4.5 – 3 = 1.5
2 * 3 = 6
2 – 3.0 = –1.0
```

1.3 КЕСТЕ - БҮТІН ЖӘНЕ НАҚТЫ САНДАРҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ ОПЕРАЦИЯЛАР

Операциялардың басымдылығы	Мысалдар
Жақша іші	2*(5+2)=14
**** дәрежелеу**	3*2**3=24
***///%**	6/3*5=10
+-	4-5+2=1

Бүтін сандармен операция жүргізуге арналған Python-ның кірістірілген математикалық функциялары (1.4-кестеде көрсетілген).

1.4 КЕСТЕ - КІРІСТІРІЛГЕН МАТЕМАТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАР ЖАЗЫЛУЫ

Функция	Функция нәтижесі
abs (value)	abs (-7)→7, abs (7)→7
min (x1,x2, ...xn)	min (-43, 90, 832, -78)→-78
max (x1,x2, ...xn)	max (-43,90,832,-78)→832
pow (x,y)	pow (2,5) →32
round ()	round (3.5)→4

```
math модулі (қосымша функциялар)
Python-да күрделі есептер үшін math модулі қолданылады. Оны пайдалану үшін бағдарламаның басында import math
командасын жазу қажет.
```

Функция Сипаттамасы Мысал

```
math.sqrt(x)
```

Квадрат түбір

```
math.sqrt(25) → 5.0
math.ceil(x)
```

Жоғары қарай дөңгелектеу

```
math.ceil(3.2) → 4
math.floor(x)
```

Төмен қарай дөңгелектеу

```
math.floor(3.8) → 3
```

math.pi Пи саны math.pi → 3.1415...

```
math.sin(x)
Синус (радиан)
math.sin(math.pi/2) → 1
math.factorial(n)
```

Факториал

```
math.factorial(5) → 120
```

Мысал 1.1: Сандар түрін тексеру

```
x = 3.5
print(type(x))  # float
```

Мысал 1.2: Пайдаланушыдан сандар сұрап, амалдар орындау

```
a = float(input("Бірінші сан: "))
b = float(input("Екінші сан: "))
print("Қосу:", a + b)
print("Бөлінді:", a / b)
```

1.3 Логикалық мәндер (Boolean values)

Python тіліндегі логикалық мәндер екі түрден тұрады: True (Ақиқат) және False (Жалған). Бұл мәндер - bool типіне жатады.

```
a = True
b = False
print(type(a))  # <class 'bool'>
```

Python-да бас әріппен жазылады: True, False

Логикалық шамалар логикалық операциялар мен өрнектердің нәтижесінде анықталады (1.5 - кестеге қараңыз).

1.5 КЕСТЕ - ЛОГИКАЛЫҚ АМАЛДАРДЫҢ СИПАТТАЛУЫ

Өрнек	Сиаттамасы
>	"Үлкен" шарт (мысалы, a > b)
<	"Кіші" шарт (мысалы, a < b)
==	Теңдік шарты (А жәнеВ тең екені тексеріледі)
!=	Теңсіздіктің шарты (А және В тең емес екені тексеріледі)
not x	Терістеу (x шарты орындалмайды)
x and y	

«және» логикалық өрнегі. x және y шартын орындау үшін x және y шарттарын бір уақытта орындау қажет. x or y «немесе» логикалық өрнегі. x немесе y шартын орындау үшін шарттардың бірін орындау қажет. x in a X элементінің a жиынына тиесілігін тексеру

```
a < x < b
(x > a) және (x < b) ге тең

1.6 кесте – Логикалық операторлар (AND, OR, NOT)
```

Оператор Сипаттамасы Мысал Нәтиже and Екі шарт та True болса ғана True True and True True or Ең болмағанда бірі True болса True False or True True not Қарама-қарсы мән not True False

```
x = 5
print(x > 3 and x < 10)  # True
print(x < 3 or x > 10)   # False
print(not (x == 5))      # False
```

Логикалық мәндер мен бүтін сандар Python-да True - 1-ге, ал False - 0-ге тең.

```
print(True + True)   # 2
print(False + 5)     # 5
print(True * 10)     # 10

bool() функциясы
Кез келген мәнді логикалық мәнге түрлендіру үшін bool() функциясы қолданылады.
print(bool(0))        # False
print(bool(5))        # True
print(bool(""))       # False
print(bool("Python")) # True
print(bool([]))       # False (бос тізім)
print(bool([1, 2]))   # True

Python–да "бос мәндер" (0, '', [], None) – әрқашан False.
```

Логикалық мәндер if шарттарында

```
age = 18
if age >= 18:
    print("Сіз кәмелетке толдыңыз!")
```

```
else:
    print("Кешіріңіз, сіз әлі жассыз.")
```

1.4 Айнымалы (Variables)

Айнымалы - белгілі бір мәнді сақтау үшін қолданылатын атауы бар жад ұяшығы. Айнымалы атауы қысқа болуы мүмкін (мысалы, x немесе y), не болмаса мағынасы кеңінен сипатталған атаумен де белгіленуі мүмкін. Python тілінде айнымалы атауларын жазу барысында белгілі бір ережелерді сақтау қажет. Айнымалы атауы санмен басталмайды және тек латын әріптерімен, сандармен және төменгі сызықшамен жазылады (A-Z, a-z, 0-9 және _). 1.10-суретте меншіктеу операторына қатысты мысал көрсетілген. Бұл оператор '=' таңбасы арқылы беріледі. Егер айнымалы алдын ала анықталмаса, бағдарлама «белгісіз мән» туралы хабарлама береді.

1.10 СУРЕТ - АЙНЫМАЛЫЛАРДЫҢ МӘНІН АУЫСТЫРУ МЫСАЛЫ КӨРІНІСІ

Бірнеше айнымалыны бір уақытта бір айнымалыға немесе бір қатарда бірнеше айнымалыға мән меншіктеуге болады (1.11-сурет).

1.11 СУРЕТ - БІРНЕШЕ АЙНЫМАЛЫҒА БІР МӘНДІ МЕНШІКТЕУ КӨРІНІСІ

Айнымалылар үш негізгі бөліктен тұрады: айнымалы атауы (идентификатор), оның мәні және типі. 1.12-суретте age айнымалысы - бүтін сан ретінде, ал money айнымалысы - нақты сан ретінде көрсетілген. Айнымалы мәнін беру кезінде бас және кіші әріптердің айырмашылығы маңызды, бұл типті анықтауға әсер етуі мүмкін. Айнымалыны анықтағанда ең алдымен оның алғашқы символы қарастырылады. Егер бұл бірінші таңба сан болса, бағдарлама оны қате ретінде қабылдайды.

1.12 СУРЕТ - АЙНЫМАЛЫ МӘНІН АНЫҚТАУ КӨРІНІСІ

Сондай-ақ, айнымалы атауы ретінде true, false және басқа да кілттік сөздерді пайдалануға болмайды. Себебі, бұл сөздер Python тілінде арнайы мағынаға ие. Кілттік сөздердің тізімі 1.6-кестеде берілген. Оларды жазу кезінде әдетте түсі өзгеше болып тұрады, бұл арқылы басқа сөздерден оңай ажыратуға болады.

1.6 КЕСТЕ - PYTHON ТІЛІНДЕГІ КІЛТТІК СӨЗДЕР

False	Class	Finally	is	return	None	Continue	for	
lambda	try	True	def	from	nonlocal	while	and	del
global	not	with	as	elif	if	or	yield	assert
else	import	pass						

break except in raise

Мысал ретінде max функциясын алуға болады - ол нақты бір қызмет атқарады. Егер бұл атауды айнымалы ретінде қолдансақ, онда бастапқы функция өз жұмысын тоқтатады (1.13-сурет).

1.13 СУРЕТ - АЙНЫМАЛЫҒА КІЛТТІК СӨЗДЕРДІ ҚОЛДАНБАУ КӨРІНІСІ

```
input() функциясы
```

Python тілінде дерек енгізу үшін input() функциясы қолданылады. Бұл функция шақырылған кезде бағдарлама уақытша орындалуын тоқтатады және пайдаланушының дерек енгізуін күтеді. Пайдаланушы қажетті мәтінді енгізіп, Enter пернесін басқаннан кейін, input() функциясы сол мәнді қабылдап, оны әрі қарай өңдеу үшін бағдарламаға береді. Мысалдар:

```
    •    a = input() – енгізілген мән a айнымалысына мәтін түрінде (жол ретінде) жазылады.
```

- a = int(input()) - пайдаланушы енгізген мән бүтін санға түрлендіріліп, a айнымалысына сақталады.
- a = float(input()) - енгізілген дерек нақты сан ретінде қабылданып, a айнымалысына жазылады.

1.14 СУРЕТ - INPUT КОМАНДАСЫ КӨРІНІСІ

Егер input() командасы интерактивті режимде орындалса, бастапқыда экранда ештеңе көрінбейді. Компьютер пайдаланушыдан дерек енгізуін күтеді және Enter пернесі басылғаннан кейін ғана енгізілген ақпарат экранда көрсетіледі (1.14-сурет).

Шартты операторды қолдану Мысалы, x саны берілсін, және оның абсолюттік мәнін (модулін) анықтау қажет болсын. Бағдарлама x > 0 болған жағдайда - x мәнін, ал кері жағдайда - оның теріс мәнін (қарама-қарсы шамасын) көрсетуі керек (1.15-сурет).

1.15 СУРЕТ - ШАРТТЫ КОМАНДАСЫ КӨРІНІСІ

1.5 Деректер құрылымы (Data Structures)

Деректер құрылымы - деректерді белгілі бір ретпен сақтап, оларға ыңғайлы түрде қол жеткізуге мүмкіндік беретін Python-дағы контейнерлер. Python тіліндегі ең жиі қолданылатын деректер құрылымдары:

- Тізім (List)
- Кортеж (Tuple)
- Жиын (Set)
- Сөздік (Dictionary)

Python тілінде деректер құрылымдарының екі негізгі түрі қолданылады: бірізділік (тізбектер) және бейнелеу түріндегі құрылымдар, соңғылары көбіне сөздіктер деп аталады. Сөздік құрылымы «кілт - мән» жұбын сақтау үшін қолданылады (мысалы, «Тегі - Мекенжайы»), осылайша олар ассоциативті массивтерді жасауға мүмкіндік береді. Тізбектер екіге бөлінеді: өзгеретін және өзгермейтін. Тізбектің өзгергіштігі - оның элементтерін қосуға немесе жоюға болатындығын білдіреді, яғни тізбек элементтерінің саны өзгеруі мүмкін. Python тілінде деректер құрылымдарымен жұмыс істеуге арналған түрлі функциялар мен әдістер қарастырылған. Олар арасындағы басты айырмашылық - синтаксисінде, яғни жазылу тәсілінде байқалады.

```
Тізім (List)
```

Көптеген бағдарламаларда жеке айнымалылармен емес, біртұтас айнымалылар жиынтығымен жұмыс жасау қажет болады. Мысалы, бағдарлама файлдан немесе пернетақтадан білім алушылардың тізімін оқып, сол деректерді өңдеуі мүмкін. Бұл жағдайда сыныптағы оқушылар саны өзгерсе де, бағдарлама кодын қайта жазудың қажеті болмауы тиіс. Осындай мәліметтерді сақтау үшін Python тілінде тізім (list) құрылымы пайдаланылады. Көптеген басқа бағдарламалау тілдерінде бұл ұғым массив деп аталады. Тізім - 0-ден басталатын индекстері бар элементтердің реттелген жиыны. Тізімді құру үшін элементтер шаршы жақша ішіне жазылады. Мысалы:

```
Primes = [2, 3, 5, 7, 11, 13]
```

Бұл тізім 6 элементтен тұрады, яғни:

- Primes[0] == 2
- Primes[1] == 3

- ...
- Primes[5] == 13

Сол сияқты, Rainbow деген тізім 7 жолдық элементтен тұруы мүмкін (мысалы, түстердің атаулары). Python тілінде тізім элементтеріне теріс индекстер арқылы да қол жеткізуге болады, яғни санау соңынан басталады:

- Primes[-1] == 13
- Primes[-6] == 2

Тізімнің ұзындығын анықтау үшін len() функциясы қолданылады. Мысалы, len(Primes) нәтижесі - 6.

```
Кортеж (Tuple)
Өзгермейтін (immutable), тізім сияқты жұмыс істейді, бірақ өзгертуге болмайды.
colors = ("red", "green", "blue")
print(colors[0])  # red
```

Артықшылықтары: Жылдам жұмыс істейді

```
Қауіпсіз (өзгермейді)
```

Кілттер ретінде қолдануға болады

```
Жиын (Set)
Қайталанбайтын элементтер жиыны, ретсіз (unordered).
nums = {1, 2, 3, 2, 1}
print(nums)  # {1, 2, 3}
```

Функция Түсініктеме

```
add(x)
```

Қосу

```
remove(x)
```

Өшіру

```
union(set2)
```

Біріктіру

```
intersection(set2)
```

Қиылысу

```
difference(set2)
```

Айырма

```
Сөздік (Dictionary)
Кілт–мән (key–value) жұбы түрінде сақтайды.
student = {
```

"name": "Ainur", "age": 17, "grade": "A" }

```
print(student["name"])  # Ainur
```

Функция Түсініктеме

```
keys()
```

Барлық кілттер

```
values()
```

Барлық мәндер

```
items()
```

Кілт-мән жұптары

```
get("key")
```

Кілт арқылы мәнді алу

1.7 КЕСТЕ -ДЕРЕКТЕР ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАСЫ

Құрылым	Өзгеруі	Реттілігі	Қайталану	Пішімі	List	Иә	Ретті
Иә	[1, 2, 3]	Tuple	Жоқ	Ретті	Иә	(1, 2, 3)	Set	Иә
Ретсіз	Жоқ	{1, 2, 3}	Dict	Иә	Ретсіз	Кілт қайталанбайды	{"name": "Ali"}

Мысалдар:

1. Тізімге 5 зат қосып, сұрыптап шығарыңыз python КопироватьРедактировать items = [] for i in range(5): item = input("Элемент енгізіңіз: ") items.append(item) items.sort() print(items)

1. Tuple арқылы айлар тізімін шығару python КопироватьРедактировать months = ("Қаңтар", "Ақпан", "Наурыз") for m in months: print(m)

1. Жиын арқылы қайталанатын сандарды алып тастау python КопироватьРедактировать numbers = [1, 2, 2, 3, 3, 4] unique = set(numbers) print(unique)

1. Сөздікпен оқушы мәліметін енгізу python КопироватьРедактировать student = {} student["name"] = input("Аты: ") student["age"] = int(input("Жасы: ")) print(student)

```
Жолдар (Strings)
```

Жол - бұл символдар тізбегі. Python-да жолдар да тізім сияқты өңделеді. Мысалы:

```
S = 'Білім'
print(len(S))  # Нәтиже: 5
```

Жолдағы әрбір символ индекс арқылы алынады, және индекстеу 0-ден басталады. Python жолдары тек ағылшын әріптерінен емес, кез келген алфавиттің әріптерінен құралуы мүмкін. Дегенмен, айнымалылар мен синтаксис тұрғысынан жиі ағылшын әріптерін қолдану ұсынылады. Жолдар қос немесе жалғыз тырнақшада жазылады: 'text' немесе "text". Python тілінде жолдар ұзындығына шектеу қойылмайды - шектеу тек компьютер жады көлемімен анықталады. Яғни, бірнеше мың беттік мәтінді де бір жол ретінде сақтауға болады.

Түрлендіру функциялары Сандарды жолға және керісінше түрлендіру үшін арнайы функциялар қолданылады: Мысал Түсіндірме

```
str(123)
```

Бүтін санды жолға айналдырады: '123'

```
int('123')
```

Жолды бүтін санға түрлендіреді: 123

```
float('12.34')
```

Жолды нақты санға түрлендіреді: 12.34

1.8-КЕСТЕ. ТҮРЛЕНДІРУ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Функция	немесе операция	Сипаттамасы мен нәтижесі	len(s)
S жолының ұзындығы таңбалар саны ретінде есептеледі			

s1 + s2 Конкатенация. s1 жолының соңында s2 жолы қосылады, нәтижесінде жаңа жол шығады, - мысал, ' сіз ' + ' жыл ' → 'сіз жыл'

```
s *n (немесе n *s)
s жолының N есе қайталануы, нәтижесінде–жаңа жол бар, мысалы('мен' *2 → 'меннен')
```

```
s [ i ]
```

S элементін I нөмірінен таңдау, нөмірлеу 0-ден басталады. Нәтижесі- символ болады. Егер i < 0 болса, есеп соңынан жүреді (жолдың бірінші символы 0 нөмірінен басталып, соңғысы -1 нөмірі болады). Мысалы: 's= 'кітап'

```
s [2] → 'т'
s[–2] → 'а'
```

Тізімдерді құру және элементтерін санау тәсілдері Тізімдерді жасау мен оларға әртүрлі операциялар қолданудың бірнеше әдістері бар. Мысалы, тізімдерді біріктіру - екі немесе одан да көп тізімдерді бір бүтінге қосу (конкатенациялау), сондай-ақ тізімді белгілі бір санға көбейту арқылы оның элементтерін қайталау сияқты әрекеттер орындалады (1.16-сурет).

1.16 СУРЕТ - ТІЗІМДЕРДІ ҚОСУ КӨРІНІСІ

```
Қырқу (slice) ұғымы
```

Қырқу - жолдан немесе басқа деректер құрылымдарынан (мысалы, тізімдер, кортеждер) белгілі бір таңбаларды немесе элементтерді бөліп алу операциясы. Қырқудың ең қарапайым түрі - қатардағы бір символды таңдау. Мысалы, t[i] - бұл t жолындағы i-ші символды білдіреді, мұндағы индекстеу 0-ден басталады. Егер

S = 'СӘЛЕМ' ДЕГЕН ЖОЛ БЕРІЛСЕ, ОНДА:

```
•   S[0] – 'С'
•   S[1] – 'ә'
•   S[2] – 'л'
```

- S[3] – 'Е'
- S[4] – 'М'

Жолдағы (және басқа деректер құрылымдарындағы) таңбаларға сәйкесінше индекс беріледі.

Егер индекстеу нөмірі жол ұзындығынан (яғни, len(S)) үлкен немесе тең болса, немесе теріс мән дұрыс көрсетілмесе, онда IndexError: string index out of range қатесі пайда болады. Индекстер теріс мәнді алса, санау жолдың соңынан жүргізіледі, яғни:

- S[–1] – соңғы символ, яғни 'М'
- S[–2] – соңғыдан екінші символ, 'Е'
- S[–3] – 'Л'
- S[–4] – 'Ә'
- S[–5] – 'С'

1.9 КЕСТЕ - ИНДЕКСТІҢ ТЕРІС МӘНІ

Қатар	С
Ә	Л
Е	М
Индекс	S(0)
S(1)	S(2)
S(3)	S(4)
Индекс	S(-5)
S(-4)	S(-3)
S(-2)	S(-1)

find() әдісі

find() әдісі - жол ішінде берілген қосымша жолды іздеу үшін қолданылады. Бұл әдіске ізделетін мәтін жолы параметр ретінде беріледі. Егер қосымша жол табылса, онда оның алғашқы кездесетін орнындағы индекс қайтарылады. Ал егер ізделген мәтін жолда жоқ болса, функция -1 мәнін қайтарады (1.17-сурет).

1.17 СУРЕТ - FIND ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ЖОЛДЫ ТАБУ КӨРІНІСІ

rfind әдісі осы қатардың соңғы индекснен («оң жақтан іздеу») табады (1.18 –сурет).

1.18 СУРЕТ - RFIND ӘДІСІ КӨРІНІСІ

Қайталау әдісі (Replace)

replace() әдісі - бір жолдағы барлық белгілі бір символдарды немесе таңбалар тізбегін басқа таңбалармен ауыстыруға арналған. Яғни, жолдағы барлық сәйкес элементтер жаңа мәнге алмастырылады (1.19-сурет).

1.19 СУРЕТ - REPLACE ӘДІСІ КӨРІНІСІ

Егер replace әдісі былай қолданылса: s.replace(old, new, count), онда жолдағы барлық таңбалар емес, тек алғашқы көрсетілген count санына сәйкес келетін элементтер ғана ауыстырылады. Мысалы, егер count=2 болса, онда бірінші екі табылған орын алмастырылады (1.20-сурет).

1.20 СУРЕТ - REPLACE ӘДІСІНЕ САНДЫ БЕРУ КӨРІНІСІ

```
Count() әдісі
```

count() әдісі - жол ішінде берілген таңбаның немесе таңбалар тізбегінің қанша рет кездесетінін есептейді (1.21-сурет).

1.21 СУРЕТ - ЖОЛДА БЕРІЛГЕН ӘРІПТІ ЕСЕПТЕУ КӨРІНІСІ

Әдіс - бұл объектінің нақты типіне тән функция болып табылады. Яғни, әр түрлі типтегі объектілерге арналған әдістер әртүрлі болады. Әдісті шақыру форматы: объект (мысалы, жол) нүктемен әдіс атауы және қажет болған жағдайда аргументтер беріледі (1.22-сурет).

1.22 СУРЕТ - ЖОЛДАРҒА ОРЫНДАЛАТЫН ӘДІСТЕР КӨРІНІСІ

Нақты сандарды енгізу Пернетақтадан нақты сандарды алу үшін input() функциясының алдынан float түрлендіргішін қою қажет (1.23-сурет):

```
a = float(input())
```

1.23 СУРЕТ - НАҚТЫ САНДАРДЫ ЕСЕПТЕУ МЫСАЛЫ КӨРІНІСІ

1.6 Math кітапханасы

Python тілінде нақты сандармен күрделі есептеулер жүргізу үшін арнайы қосымша функциялардан тұратын math модулі қолданылады. Бұл кітапханада математикалық амалдарды орындауға арналған көптеген функциялар бар. Егер бұл модуль алдын ала импорттанса, әр жол сайын math деп көрсетудің қажеті болмайды (1.24-сурет).

1.24 СУРЕТ - MATH КІТАПХАНАСЫН ПАЙДАЛАНУ КӨРІНІСІ

Мысалы, берілген санды ең жақын үлкен бүтін санға дейін дөңгелектеу қажет болса, math модуліндегі ceil() функциясын қолдануға болады. Бұл функция бір аргумент қабылдайды және былай жазылады:

```
math.ceil(x)
```

Мұндағы x - нақты сан, айнымалы немесе арифметикалық өрнек болуы мүмкін. Бұл тәсіл арқылы кез келген нақты санды жоғары жаққа қарай дөңгелектеуге болады. Айта кету керек, кейбір функциялар - мысалы, int(), round(), және abs() - Python-да стандартты түрде берілген, сондықтан оларды пайдалану үшін math модулін импорттау қажет емес (1.10-кесте).

1.10 КЕСТЕ - СТАНДАРТТЫ ФУНКЦИЯЛАР

Функция	Сипаттамасы
Дөңгелектеу	int(x)

Санды нөлге қарай дөңгелектейді. Бұл стандартты функция, оны пайдалану үшін math модулін қосудың қажеті жоқ.

```
round(x)
```

Санды ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектейді. Егер санның бөлшек бөлігі 0.5 тең болса, онда сан ең жақын жұп санға дейін дөңгелектенеді.

```
round(x, n)
```

X санын нүктеден кейін n белгіге дейін дөңгелектейді. Бұл стандартты функция, оны пайдалану үшін math модулін қосудың қажеті жоқ.

```
floor(x)
Floor (1.5) = = 1, floor(–1.5) = = –2 санын төмен санға қарай дөңгелектейді
```

```
ceil(x)
Floor (1.5) = = 1, floor (-1.5) = = -2жоғарғы санға қарай дөңгелектейді.
trunc(x)
Нөлге қарай дөңгелектеу (int функциясы сияқты).
abs(x)
Нөлге қарай дөңгелектеу (int функциясы сияқты).
fabs(x)
Модуль (абсолюттік шама). Бұл функция әрқашан float түрін қайтарады.
```

Түбір, дәрежелер, логарифмдер

```
sqrt(x)
Квадратты түбір. Қолданылуы: sqrt(x)
pow(a, b)
Дәрежелеу ab. Қолданылуы: pow(a,b)
exp(x)
Экспонента ex қайтарады. Қолданылуы: exp(x)
log(x)
Логарифм. Log(x, b) шақыру кезінде b негізі бойынша логарифмді қайтарады.
log10(x)
```

Ондық логарифм e Негізгі логарифм e271828. Тригонометрия

```
sin(x)
```

Радиандарда берілген бұрыштың синусы

```
cos(x)
```

Радиандарда берілген бұрыштың косинусы

```
tan(x)
```

Радиандарда берілген бұрыштың тангенсі

```
asin(x)
```

Арксинус, радианның мәнін қайтарады

```
acos(x)
```

Арккосинус, радианның мәнін қайтарады

```
atan(x)
```

Арктангенс, радианның мәнін қайтарады

```
atan2(y, x)
 (x, y) координаттары бар нүктенің полярлық бұрышы (радиандарда)
hypot(a, b)
```

a және b катеттері бар тікбұрышты үшбұрыштың гипотенузасының ұзындығы.

```
degrees(x)
```

Радианмен көрсетілген бұрышты градусқа өзгертеді.

```
radians(x)
```

Градуспен көрсетілген бұрышты радиандарға түрлендіреді.

Мысалдар:

```
import math
print("pi =", math.pi)
print("Квадрат түбірі 25 =", math.sqrt(25))
print("Екі санының 5 дәрежесі =", math.pow(2, 5))
print("5.3-тің төбесі =", math.ceil(5.3))
print("5.3-тің төменгі мәні =", math.floor(5.3))
```

math модулі - күрделі математикалық операцияларды оңайлатуға арналған. Ол арқылы түбір табу, дәреже, логарифм, тригонометрия, т.б. амалдар орындалады. Мектеп математикасы мен олимпиадалар үшін өте пайдалы модуль.

Бақылау сұрақтары:

- Python бағдарламалау тілі қай жылы құрылды?
- Python тілінің авторы кім?
- Python қандай программалау тілдерінің үлгісінде жасалды?
- Python тілінің негізгі артықшылықтары қандай?
- Python тілінің қандай негізгі қолдану аймақтары бар?
- Python-ды қалай компьютерге жүктеп алуға болады?
- Python орнату кезінде қандай нұсқаларды таңдауға болады?
- Python тілінің REPL деген не?
- Python бағдарламасын іске қосу үшін қандай команданы теремiз?
- Python тілінде комментарийлер қалай жазылады?
- Python тілін орнатқаннан кейін қандай негізгі файлдар пайда болады?
- Python тілінің негізгі IDE-лері қандай?
- Python тілінің қандай интерпретаторлары бар?
- Python тілінің қандай дербес кітапханалары бар?
- Python-ның ашық коды (open source) деген не?
- Python тілінде қандай сандық типтер бар?
- int және float типтерінің айырмашылығы неде?
- Python-да бүтін санды қалай жазамыз?
- Python-да нақты сан қалай көрсетіледі?
- Компьютерде сандардың сақталуы қандай форматта болады?
- Арифметикалық операциялардың Python синтаксисі қандай?
- Қай бөлу операциясы нақты нәтижені қайтарады?
- Целочисленный бөлу (//) деген не?
- Пайдаланушыдан санды қалай енгізуге болады?
- Санның абсолют мәнін есептеу үшін қандай функция қолданылады?
- Python тілінде рандомдық санды қалай жасауға болады?
- Санның дәрежесін қалай есептейміз?
- Сандарды түрлендіру деген не?

- Комплекс сандар дегеніміз не және Python-да қалай қолданылады?
- Сандармен жұмыс істеу кезінде қандай қателіктер кездесуі мүмкін?
- Логикалық типтің екі мәні қандай?
- Python тілінде True және False қалай жазылады?
- Логикалық операция AND қалай жұмыс істейді?
- Логикалық операция OR қалай жұмыс істейді?
- Логикалық NOT операциясының мағынасы қандай?
- Логикалық мәндерді қайда қолданамыз?
- Логикалық өрнектер қандай жағдайда True болады?
- Python-да шартты оператор қалай жұмыс істейді?
- Пайдаланушы енгізген мәнді логикалық тексеру қалай жүргізіледі?
- Логикалық операциялардың нәтижесін қалай басып шығаруға болады?
- Айнымалы деген не?
- Python тілінде айнымалыны қалай жариялаймыз?
- Айнымалы атауына қандай талаптар қойылады?
- Айнымалыға мәнді қалай меншіктейміз?
- Айнымалының мәнін қалай өзгертуге болады?
- Айнымалылардың типі қалай анықталады?
- Айнымалыларды атау кезінде қандай қателіктер болмауы тиіс?
- Бір айнымалыға бірнеше мәнді қалай меншіктеуге болады?
- Айнымалы мәнін экранға қалай шығаруға болады?
- Айнымалылардың жадтағы рөлі қандай?
- Деректер құрылымы дегеніміз не?
- Python-да қандай негізгі деректер құрылымдары бар?
- Тізім (list) деген не?
- Кортеж (tuple) деген не?
- Сөздік (dictionary) деген не?
- Массив пен тізімнің айырмашылығы неде?
- Тізім элементтерін қалай қосамыз?
- Сөздікке элементтерді қалай енгіземіз?
- Тізім элементтерінің индекстері қалай саналады?
- Тізімнен элементті қалай жоямыз?
- Тізімдегі элементтерді қалай ауыстырамыз?
- Кортеждің негізгі ерекшелігі неде?
- Сөздіктің кілттері мен мәндері қалай ұйымдастырылған?
- Тізімдер мен сөздіктердің қолдану салалары қандай?
- Деректер құрылымдары бағдарламалауда қандай маңызы бар?
- Тізім дегеніміз не?
- Тізімді қалай құрамыз?
- Тізім элементтеріне қалай қол жеткіземіз?
- Тізімді қалай өзгертуге болады?
- Тізімге элемент қосу әдістері қандай?
- Тізімнен элементті қалай жоюға болады?
- Тізімді қалай сұрыптауға болады?
- Тізімнің ұзындығын қалай білеміз?
- Тізімді қайталанатын элементтерден қалай тазартамыз?

- Тізімнің элементтерін қалай цикл арқылы шығарамыз?
- Тізімді басқа тізіммен қалай біріктіруге болады?
- Тізімді терең көшіру мен жазық көшіру арасындағы айырмашылық неде?
- Тізімдегі элементтерді индекстеу қалай жүзеге асады?
- Тізімнің бос екенін қалай тексереміз?
- Тізімдердің қолдану салалары қандай?
- Math кітапханасы деген не?
- Math кітапханасын қалай импорттаймыз?
- Math кітапханасындағы негізгі функцияларды атаңыз.
- Пи (π) саны қалай шақырылады?
- Квадрат түбірді қалай есептейміз?
- Дәрежеге көтеру функциясы қалай жұмыс істейді?
- Логарифм дегеніміз не және оны қалай есептейміз?
- Math модуліндегі тригонометриялық функцияларды атаңыз.
- Math.ceil() және math.floor() функциялары не істейді?
- Math.fabs() функциясының мақсаты қандай?
- Math модулінде кездейсоқ сандарды генерациялай аламыз ба?
- Math модулін қолданғанда қандай мүмкін болатын қателіктер болады?
- Math.factorial() функциясы не істейді?
- Math.gcd() функциясы не үшін қолданылады?
- Math модуліндегі radians() және degrees() функциялары не істейді?
- Math.isclose() функциясы қандай жағдайларда қажет?
- Math модулінің басқа Python модулдерінен айырмашылығы неде?
- Math модулін қолдану арқылы есептеулердің дәлдігі қалай қамтамасыз етіледі?
- Math модулінің ең танымал қолдану мысалдары қандай?
- Math кітапханасын өзіңіз жазған бағдарламада қалай қолданған болар едіңіз?

2 PYTHON тілінің ГРАФИКАЛЫҚ негізі

2.1 Python тілінің графикалық мүмкіндіктері. Turtle кітапханасы

Қазіргі заманғы технологиялардың дамуымен күнделікті өмірде қолданылатын көптеген құрылғылар - мысалы, ұялы телефондар, автокөліктер, қол сағаттары, ойын құрылғылары, тренажерлар, медицина жабдықтары, өндірістік станоктар, тіпті құттықтау хаттары мен роботтар - бәрі де өз ішіне компьютерлік компоненттерді қамтиды. Python тілі арқылы графикалық элементтер мен пішіндер салып, оларды қозғалысқа келтіріп, анимациялар жасауға болады. Python графикамен жұмыс істеуге арналған бірнеше кітапханаларды қолдайды, солардың көмегімен күрделі графикалық интерфейсі бар қолданбалар жасауға мүмкіндік береді. Бұл бөлімде біз Python тіліндегі графикамен жұмыс істеудің негіздерімен танысамыз: Turtle модулінің көмегімен қарапайым графикалық элементтер салып, оларды экранда қозғалту және математикалық немесе физикалық модельдерді жасау үшін Tkinter кітапханасын пайдалану жолдарын үйренеміз (2.1 -сурет).

2.1 СУРЕТ - АЛТЫ БҰРЫШТЫ ОЮ-ӨРНЕК

Кейбір бағдарламалар мыңдаған жолдан тұрса, енді біреулері небәрі бірнеше жолмен шектеледі. Мысалы, 2.2-суретте көрсетілген NiceHexSpiral.py бағдарламасы осындай қысқа кодтарға жатады.

2.2 СУРЕТ - NICEHEXSPIRAL.PY БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Бұл шағын бағдарлама 2.2-суретте көрсетілгендей түрлі-түсті спираль үлгісін салады. Turtle (немесе "Тасбақа") - Python тіліне кірістірілген, графикалық сызбалар жасауға арналған кітапхана. Ол экранда сурет салатын қалам секілді жұмыс істейді. Бұл кітапханамен жұмыс істеу қағазға сурет салу үдерісіне ұқсайды: алдымен «қағаз» ретінде экран дайындалады, кейін қалам параметрлері орнатылады және соңында сурет салынады. Сурет салу кезінде экрандағы тасбақа тәрізді объект қозғалады және оның қозғалыс ізі көрінетін болғандықтан, бұл кітапхана turtle деп аталған. Бұл

идея алғаш рет 1967 жылы Уолли Ферцайг, Сеймур Пейперт және Синтия Соломон тарапынан жасалған және ол бастапқыда Logo бағдарламалау тілі құрамында пайда болған. Logo тілі өз заманында балалар арасында кең танымал болды, себебі ол арқылы олар экранда оңай әрі қызықты графикалар сала алды. Сол тәсілді Python-дағы Turtle кітапханасы жалғастырады: онда экранда қозғалатын кішкене объект арқылы әртүрлі сызбалар мен пішіндер жасауға болады. Turtle модулі әсіресе жаңадан бастаушыларға арналған. Ол Python тілін үйренуді көңілді әрі визуалды түрде ұғынуға мүмкіндік береді. Бұл кітапхана арқылы оқушылар ғана емес, тәжірибелі бағдарламашылар да түрлі күрделі фигуралар, көрнекі суреттер және графикалық ойындар жасап шығара алады. Бұл бөлімде қарапайым әрі қысқа бағдарламалар жазу арқылы күрделі және әдемі ою-өрнектерді құру тәсілдері қарастырылады. Бұл үшін Python тіліндегі turtle (тасбақа) графикасы пайдаланылады. Turtle графикасымен жұмыс істегенде, бағдарламалаушы виртуалды тасбақаға нақты экранда қалай қозғалуы керек екенін сипаттайтын командалар жиынтығын жазады. Тасбақа өзімен бірге қалам ұстайды, және бағдарлама барысында оған қай бағытта қозғалу керек екенін және қозғалу кезінде қаламды түсіріп, із қалдыруын нұсқауға болады. Түзу жолмен қозғалу командаларын пайдалана отырып, тасбақа арқылы күрделі суреттерді жасауға болатынына көз жеткізуге болады. Turtle графикасы арқылы небәрі бірнеше жол код жазу арқылы тартымды өрнектер мен суреттерді салуға болады. Сонымен қатар, тасбақаның қалай қозғалатынын қадағалап, әр жазылған команданың оның бағыты мен қозғалыс траекториясына қалай әсер ететінін түсінуге болады. Бұл өз кезегінде бағдарлама логикасын тереңірек меңгеруге көмектеседі. Мысал ретінде, координаталық жазықтықтың (0, 0) нүктесінен басталатын виртуалды робот-тасбақаны көз алдыңызға елестетіңіз. Бағдарламада turtle.forward(15) командасын бергенде, тасбақа экранда алға қарай 15 пикселге жылжиды және артында сызық қалдырады. Ал turtle.right(25) командасы оған сағат тілі бағытымен 25 градусқа бұрылуды бұйырады. Осындай қарапайым командаларды біріктіре отырып, күрделі суреттер мен геометриялық фигураларды оңай жасауға болады. Turtle модулі Python тілінде графикалық примитивтермен жұмыс істеуді объектіге бағытталған және процедуралық тәсілдер арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл модуль негізгі графикалық мүмкіндіктер үшін tkinter кітапханасына сүйенеді, сондықтан оны пайдалану үшін Python-ның tkinter-мен жабдықталған нұсқасы қажет. Объектіге бағытталған интерфейс негізінен екі негізгі класпен жұмыс істейді:

- TurtleScreen класы - графикалық терезелерді тасбақа сурет салатын аймақ ретінде анықтайды. Бұл классты қолдану үшін tkinter элементі аргумент ретінде берілуі тиіс. Егер Turtle модулі басқа қосымшаның құрамында қолданылса, онда Canvas немесе ScrolledCanvas элементтері пайдаланылады. Ал Python ортасында жеке тасбақа графикасын пайдалану кезінде, Screen() функциясы осы кластың ішкі бір экземплярын жасап береді. Бұл объект бір реттік болғандықтан, оны қайтадан мұрагерлікке беруге болмайды.
Айнымалы және цикл жұмысын түсіну Бұл жерде x айнымалысы ретінде әрекет етеді. Бұған дейінгі бөлімдерде айнымалылар туралы айтылған. Келесі екі жол циклдің денесіне жатады, өйткені олар шегіністен жазылған. Яғни, бұл жолдар цикл ішінде орындалады және циклдің әр айналымында қайта іске қосылады. Нақтырақ айтқанда, x 0-ден 99-ға дейін мән қабылдай отырып, осы кодтар 100 рет қайталанады. Python бағдарламасы циклдің ішіндегі нұсқауларды қалай орындайтынын қарастырайық. t.forward(x) командасы тасбақаны x бірлікке алға жылжытады. Циклдің алғашқы айналымында x = 0, сондықтан тасбақа қозғалмайды. Одан кейінгі t.left(90) командасы оны 90 градусқа солға бұрады. Осыдан соң цикл басына қайта оралып, x айнымалысының мәні 1-ге өседі. Себебі x әлі 0 мен 99 аралығында болғандықтан, цикл жалғасады. Енді тасбақа 1 бірлік алға жылжып, 90 градусқа бұрылады. Бұл әрекеттер әр айналым сайын қайталанып отырады. Соңғы айналымда, x = 99 болған кезде, тасбақа ең ұзын сызықты сызады, бұл спиральдың шеткі бөлігіне сәйкес келеді. Нәтижесінде, x айнымалысының мәні біртіндеп 0-ден 99-ға дейін өзгеріп отырған кезде, әр қадам сайын сызық ұзарып, бұрылу бағыты тұрақты болып қалады. Осылайша, шаршы пішіндегі спираль пайда болады.

2.2 КЕСТЕ - FOR ЦИКЛІНІҢКЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУЫ

for x in range (100):	t.forward (x)	t.left(90)

```
0–ден 4–ке дейінгі цикл: (x=4) алғашқы төрт сызықты сызады
```

5-тен 8-ге дейінгі цикл: тағы төрт сызықты сызады, экранда квадрат пайда болады

```
9–дан 12–ге дейінгі цикл: квадраттық спираль 12 сызыққа дейін көбейеді (үш квадрат)
```

Компьютер экранында көрсетілетін нүктелер - пиксельдер - өте ұсақ болғандықтан, оларды көзбен анық көру қиын. Бірақ x айнымалысының мәні 100-ге дейін біртіндеп ұлғайған сайын, тасбақа экранда көбірек және ұзын сызықтар жүргізе бастайды. Яғни, x неғұрлым үлкен болса, t.forward(x) арқылы тасбақа соғұрлым ұзын қадам жасайды. Экрандағы тасбақа көрсеткісі алға жылжып, 90 градусқа бұрылып отырады. Әр бұрылған сайын бұрынғысынан ұзағырақ сызық сызады. Бұл әрекет бірнеше рет қайталанғанда, әр жолдың ұзындығы алдыңғысынан артып отырады.

БАҒДАРЛАМА ОРЫНДАЛҒАН СОҢ, ЭКРАНДА ТӨРТБҰРЫШ ПІШІНДІ ҚҰРЫЛЫМ ПАЙДА БОЛАДЫ. МҰНДАЙ КӨРІНІС 90 ГРАДУСҚА ТӨРТ РЕТ БҰРЫЛУ АРҚЫЛЫ БАСТАПҚЫ ОРНЫНА ҚАЙТА ОРАЛУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. ДЕГЕНМЕН, БҰЛ ЖАҒДАЙДА БІЗ НАҚТЫ ШАРШЫ ЕМЕС, СПИРАЛЬҒА ҰҚСАС СУРЕТ АЛАМЫЗ. СЕБЕБІ ӘР АЙНАЛЫМДА ТАСБАҚА АЛҒА БҰРЫНҒЫДАН ҰЗАҚ ҚАДАМ ЖАСАП ОТЫРАДЫ. МЫСАЛЫ, АЛҒАШЫНДА БІР ҚАДАМ АЛҒА ЖЫЛЖИДЫ (X = 1), КЕЛЕСІДЕ ЕКІ ҚАДАМ, СОДАН КЕЙІН ҮШ, ТӨРТ, ОСЫЛАЙША 99-ҒА ДЕЙІН.

Жекелеген пиксельдерді көрмесек те, тасбақа жүргізген сызықтардың біртіндеп ұзарғаны айқын байқалады. Барлық бұрылулар 90 градуста жасалатын болғандықтан, жалпы сурет төртбұрыш пішінді болып шығады. Енді осы бағдарламаның бір бөлігін өзгертсек, нәтижесі қалай өзгереді екенін байқап көрейік. Мысалы, соңғы жолдағы бұрылу бұрышын t.left(91) деп өзгертсек, спиральдың бағыты мен формасы өзгереді. Бұл өзгерісті жаңа файл ретінде KvadratSpiral2.py атауымен сақтап көруге болады.

2.29 СУРЕТ- KVADRATSPIRAL2.PY БАҒДАРЛАМАСЫ

90 градусқа бұрылу нақты квадрат пішінін алуға мүмкіндік береді. Ал егер бұрыш сәл ғана - мысалы, 91 градусқа - арттырылса, онда бұл пішінді аздап өзгеріске ұшыратады. Әрбір келесі бұрылыста осы кішкентай ауытқу жинақталып, бастапқы шаршы формадан біртіндеп алыстайды. Бағдарлама жұмысын жалғастыра берген сайын бұл ауытқулар анық байқала бастайды, ал соңында пайда болатын сурет кәдімгі шаршы емес, бұралған спираль тәрізді көрініске айналады. Мұндай форма бұрандалы баспалдаққа немесе шексіз айналып жатқан өрнекке ұқсайды. Бұл құбылысты 2.30-суреттен анық байқауға болады.

2.30 СУРЕТ - БҰРАНДАЛЫ БАСПАЛДАҚ ТӘРІЗДІ КВАДРАТ КӨРІНІСІ

Соңғы жолдағы бұрыш мәнін 91, 46, 61 немесе 121 градус сияқты әртүрлі мәндерге өзгертіп көруге болады. Бірақ өзгерістерді сақтауды ұмытпаңыз. Бағдарлама іске қосылғаннан кейін, өзгертілген параметрдің нәтижесінде пайда болатын жаңа өрнектерді бақылауға болады. Геометрия негіздерін жақсы білетін үлкендер таңдалған бұрыштың қандай пішін беретінін алдын ала болжай алуы мүмкін. Ал жас қолданушылар үшін бұл - тәжірибе арқылы үйренудің тамаша тәсілі: олар бұрышты өзгертіп, түрлі суреттердің қалай пайда болатынын көріп, қызығушылықпен зерттей алады. Мұндай тапсырма болашақта геометрия сабағында таныс ой тудыруы әбден мүмкін.

Turtle арқылы дөңгелек фигураларды салу. Turtle графикалық модулі тек түзу сызықтармен шектелмейді - ол арқылы әртүрлі күрделі пішіндер де салуға болады. Енді Python-ның Turtle кітапханасының тағы бір мүмкіндігін қарастырайық. Алдыңғы кодта t.forward(x) жолын қолдану арқылы тасбақа тік сызық салып отырғанын байқадық. Бұл команда тасбақаны x пиксельге ілгерілетіп, біртіндеп бұрылу арқылы кескін жасайды. Енді осы жолды өзгеше пішін - шеңбер салу үшін өзгертіп көрейік. t.forward(x) жолын t.circle(x) деп ауыстырсақ, тасбақа экранда радиусы x болатын шеңбер салады. Бұл команда түзу сызық салуға арналған нұсқа сияқты оңай орындалады. Осы өзгертілген кодты CircleSpiral1.py атауымен сақтап, нәтижесін бақылап көріңіз (2.31-сурет).

2.31 СУРЕТ - CIRLESPIRAL1.PY БАҒДАРЛАМАСЫ

t.forward(x) командасын тек t.circle(x)-ке ауыстыру арқылы әлдеқайда күрделі және қызықты пішін алуға болады (бұл 37-суретте көрінеді). t.circle(x) функциясы тасбақаға дәл тұрған жерінен радиусы x болатын дөңгелек салуды тапсырады. Шыққан фигура шаршы спиральмен ұқсас тұстарға ие екенін байқауға болады: салынған сурет төрт дөңгелек спиральдан тұрады. Бұл - бұған дейінгі квадрат спиральдағы төрт қабырғаға сәйкес келеді. Мұның себебі - тасбақа әр бұрылған сайын t.left(91) командасы арқылы 90 градустан сәл көбірек бұрылып отырады. Ал бұл төрт бұрылыс - 4×90=360 градустық толық айналымға ұқсас. Сонымен қатар, бір маңызды айырмашылықты да атап өткен жөн: бұл шеңберлі спираль квадраттық спиральмен салыстырғанда екі есе үлкен болып көрінеді. Бұның себебі - t.circle(x) командасы шеңбердің радиусын x мәні ретінде қабылдайды, яғни бұл шеңбердің ені немесе диаметрі x-тен екі есе көп болады.

Мысалы, егер x = 1 болса, диаметр 2 пиксель болады, ал x = 99 болса - диаметрі 198 пиксельге жетеді. Бұл - ең үлкен квадраттың қабырғасынан шамамен екі есе ұзын деген сөз. Сондықтан экрандағы бұл дөңгелек спираль бұрынғы шаршы спиральмен салыстырғанда екі есе кең аумақты қамтиды (қосымша ақпарат 2.32-суретте көрсетілген).

2.32 СУРЕТ - ДӨҢГЕЛЕК СПИРАЛЬ БЕЙНЕСІ

Түстер қосу Спиральдар әдемі әрі қызықты, бірақ оларды түрлі түстермен безендіру олардың көрінісін одан сайын жақсартады. Енді квадрат спираль кодына оралып, t = turtle.Pen() жолынан кейін тасбақаның қалам түсін қызыл етіп орнататын команданы қосайық (2.33-суретте көрсетілгендей).

2.33 СУРЕТ - КВАДРАТ СПИРАЛЬҒА ТҮСТІ ҚОСУ

Бағдарламаны іске қосқаннан кейін экранда жарқын қызыл түспен жасалған квадрат спираль көрінісі пайда болады (2.34-сурет).

2.34 СУРЕТ - ҚЫЗЫЛ ТҮСТІ КВАДРАТ СПИРАЛЬ

"Red" (қызыл) түсін blue (көк) немесе green (жасыл) сияқты басқа түстермен ауыстырып, бағдарламаны қайта іске қосып көріңіз. Turtle кітапханасы көптеген түрлі түстерді қолдағандықтан, әртүрлі түсті нұсқаларын оңай жасауға болады. Толық бір түсті спираль жақсы көрінеді, бірақ егер спиральдың әр қырын жеке түспен бояғыңыз келсе ше? Мұны іске асыру үшін бағдарламаға қосымша өзгерістер енгізу қажет болады. Төрт түсті спираль жасау алгоритмі келесідей болуы мүмкін:

- Turtle модулін импорттап, тасбақа объектісін дайындаңыз.
- Қолданғыңыз келетін түстер тізімін анықтаңыз.
- Спиральдың 100 қадамын салу үшін цикл құрыңыз.
- Әр қадамда спиральдың әр жағы үшін тізімнен сәйкес түсті таңдаңыз.
- Тасбақаны алға жылжытатын команданы орындаңыз.
- Әр қадамнан кейін тасбақаны солға бұрып, келесі сызықты салуға дайындалыңыз. Бастау үшін, бірнеше түстерді қамтитын colors деп аталатын тізімді жасаймыз және оған төрт түрлі түсті орналастырамыз:

Төрт түрлі түстер тізімі әрбір спираль қырына жеке-түсті бояу береді. Мұнда түстердің аттары тырнақша ішінде жазылған, себебі олар мәтін (жол) түрінде беріледі. Бұл түстердің аттары pencolor функциясында қолданылған кезде, Python оларды түс атаулары ретінде дұрыс таниды. Түстердің сақталуы үшін біз colors деген айнымалыға тізім ретінде орналастырамыз. Кейін бағдарламада қажетті түс ретінде осы тізімнен таңдап алып, қаламның түсін орнатамыз. Айнымалылар өзгермелі мәндерді сақтайтындықтан, біз қалаған түсті осы айнымалыдан ала аламыз. Сурет салу үшін жазылған цикл ішінде, әр қадамда қаламның түсін ауыстыру үшін t.pencolor() функциясын шақыру қажет. Бұл функцияға тізімнен қандай түсті алу керектігін көрсетеміз. Мысалы, әр спираль қыры үшін сәйкес түсті алу үшін, цикл индексін colors тізімінің ұзындығына қарай модулдық операциямен бөліп, дұрыс элементті таңдаймыз (2.35-суретте көрсетілгендей). Осылайша, циклдың әр айналымында pencolor() функциясы шақырылып, сәйкес түс орнатылады, бұл спиральдың түрлі-түсті болуының себебі.

2.35 СУРЕТ - КВАДРАТКА ТӨРТ ТҮС БЕРУ

Төрт түрлі түстер тізімін пайдалану өте тиімді, сондықтан оны іске қосылған мысалда қолданған дұрыс (2.36-сурет). Спираль сызығы ұзара түскен сайын, түстердің ауысуы көрнекілікті арттырады және дизайнды әсем етеді. Мүмкіндігінше көп қадамға созылған сайын, нәтиже де соғұрлым әсерлі болады.

2.36 СУРЕТ - ТӨРТ ТҮСТІ КВАДРАТТЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Бағдарламадағы басты өзгеріс - pencolor функциясының параметрі ретінде қолданылатын (colors[x//4]) өрнегі. Мұндағы x - циклда қолданылатын айнымалы, ол 0-ден 99-ға дейін өзгереді. colors айнымалысы - Python бағдарламасына қосылған түстер тізімі екенін білдіреді. [x//4] өрнегі Python-ға түстер тізімінің алғашқы төрт элементін - 0-ден 3-ке дейінгі индекстерді - қолданатынымызды және x мәні ұлғайған сайын осы төрт түстің біреуін таңдайтынымызды көрсетеді. Осылайша, әр төрт қадам сайын тасбақаның қалам түсі өзгеріп отырады.

Мұндағы % операторы - модульді бөлу, яғни бөлгендегі қалдықты есептейді. Мысалы, 5 % 4 = 1, өйткені 5-ті 4-ке бөлгенде қалдық 1 шығады; 6 % 4 = 2, себебі 6-ны 4-ке бөлгенде қалдық 2 болады. Бұл оператор тізімдегі элементтерді қайталап қолдану қажет болғанда өте пайдалы. 100 қадамда өрнек [x % 4] төрт түсті (қызыл, сары, көк және жасыл - индекстері 0, 1, 2, 3) 25 рет қайталайды. Егер уақытыңыз болса және үлкейту әйнегі болса, 25 қызыл, 25 сары, 25 көк және 25 жасыл сызықтарды санауға болады (2.36-сурет). Циклдың бірінші кезеңінде Python тізімнен қызыл түсті таңдайды, келесі қадамда сарыны, тағы кейін көк пен жасылды пайдаланады. Бесінші қадамда тағы қызылға оралады, сосын сарыға және т.с.с. Осылайша, әр төртінші өтуден кейін цикл қайтадан қызылдан басталады. Фон түсін өзгертіп,

2.36-суреттегі өрнектен көркем әрі айқын дизайн жасауға болады. Мысалы, сары түс ақ фонға қарағанда нашар байқалады - экрандағы сары нүктелер ақ фонға еріп кетеді. Осы мәселені шешу үшін фон түсін қараға ауыстыруға болады. Бұл үшін импорттау жолынан кейін бағдарламаның кез келген жеріне келесі команданы қосыңыз:

Бір ғана команда арқылы экранда әсем сурет пайда болады: енді барлық түстер қара фонда айқын көрінеді. Тасбақаның параметрлері, яғни t айнымалысы өзгертілмегенін байқаңыз. Оның орнына біз тасбақа терезесінің - нақтырақ айтсақ, экранның - фон түсін өзгерттік. Turtle кітапханасындағы bgcolor() функциясы экранның фон түсін кез келген Python-ның қолжетімді түсіне өзгертуге мүмкіндік береді. Мысалы, bgcolor("black") командасы экранның фон түсін қара етіп қояды, сол арқылы қызыл, сары, көк және жасыл сияқты түстер жарқын әрі анық көрінеді. Бағдарламаны аяқтамас бұрын, циклдегі range() функциясының шегін 200 немесе одан үлкен мәнге өзгерте аласыз. Бұл спиральдың жолдарын ұзартып, үлкен әрі көркем өрнек жасайды. Нәтижесінде экранда 200 сызықтан тұратын және қара фонға орналастырылған жаңа сурет пайда болады (2.37-сурет).

2.37 СУРЕТ -BGCOLOR ЖАҢА ҚАТАРЫН ҚОСУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бұл бағдарламаның нәтижесі 2.38-суретте көрсетілген.

2.38 СУРЕТ - BGCOLOR ЖАҢА ҚАТАРЫН ҚОСУ КӨРІНІСІ

Спираль фигурасының түсі, өлшемі және бұрылу бұрышын басқару үшін айнымалыларды қолдандық. Енді фигураның қабырғыларының санын анықтайтын жаңа айнымалы - sides енгізейік. Бұл қосымша айнымалы спиральдың қалай өзгеретініне әсер етеді. Түсіну үшін, бұрынғы ColorSpiral.py бағдарламасын іске қосып көріңіз (2.39-сурет).

2.39 СУРЕТ - БАҒДАРЛАМАҒА SIDES АЙНЫМАЛЫСЫН ҚОСУ

Sides айнымалысын 6-дан 2-ге дейін төмендетуге болады (бір ғана қабырғасы бар фигураны салу қызықсыз болады, сондай-ақ кодтың алтыншы жолында жаңа түстерді қоспасаңыз, үлкен мәндерді пайдалану шектеледі). Бағдарламаны өз қалауыңызша өзгертіп, сақтап, іске қосыңыз. 2.40- 2.41- 2.42- 2.43- суреттерде sides=6, sides=5 және sides=2 болғандағы нәтижелер көрсетілген. Сонымен қатар, бояу циклiндегі түстердің ретін өзгертуге, санын көбейтуге немесе азайтуға болады. Егер бағдарламада қате пайда болса, бастапқы ColorSpiral.py файлына қайта оралып, оны қалпына келтіру керек болады.

2.40 СУРЕТ - 6 ҚЫРЛЫ СПИРАЛЬ КӨРІНІСІ

ColorSpiral.py бағдарламасында біз жаңа t.width() командасын қолдандық. Бұл команда тасбақа тұтқасының сызық қалыңдығын реттеуге мүмкіндік береді. Бағдарламада сызықтар ұзара келе, олардың қалыңдығы да біртіндеп артатынын байқаймыз.

2.41 СУРЕТ -5 ҚЫРЛЫ СПИРАЛЬ КӨРІНІСІ

2.42 СУРЕТ -4 ҚЫРЛЫ СПИРАЛЬ КӨРІНІСІ

2.43 СУРЕТ - 3 ҚЫРЛЫ СПИРАЛЬ КӨРІНІСІ

```
Мәтін арқылы спираль түрін өзгертуге болады  (сурет 68).
```

2.44 СУРЕТ - СПИРАЛЬҒА АТЫН ЕНГІЗУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Нәтижесі 2.45- суреттегідей шығады.

2.45 СУРЕТ -ТҮРЛІ ТҮСТІ МӘТІНДІК СПИРАЛЬ

Егер бағдарламаны іске қосқанда қолданушыға қырлар санын өздігімен енгізу мүмкіндігін бергіміз келсе, онда sides айнымалысына пайдаланушының енгізген мәнін сақтап қоюға болады. Мұны істеу үшін input() функциясын қолданамыз. Қолданушы енгізген мәнді дұрыс сан ретінде өңдеу үшін eval() функциясын пайдалануға болады (2.46-2.56 суреттерде көрсетілгендей). Бұл тәсіл арқылы бағдарламамыз қолданушының енгізген мәнін сан ретінде қабылдап, sides айнымалысына меншіктейді.

2.46 СУРЕТ - ПАЙДАЛАНУШЫДАН ҚЫРЛАР САНЫН ЕНГІЗУДІ СҰРАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2.47 СУРЕТ -ПАЙДАЛАНУШЫДАН ҚЫРЛАР САНЫН ЕНГІЗУДІ СҰРАУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ. 5 ҚЫРЛЫ

2.48 СУРЕТ - ПАЙДАЛАНУШЫДАН ҚЫРЛАР САНЫН ЕНГІЗУДІ СҰРАУ БАҒДАРЛАМАСЫ НӘТИЖЕСІ. 5 ҚЫРЛЫ

2.49 СУРЕТ - ПАЙДАЛАНУШЫДАН ҚЫРЛАР САНЫН ЕНГІЗУДІ СҰРАУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ. 3 ҚЫРЛЫ

2.50 СУРЕТ - ПАЙДАЛАНУШЫДАН ҚЫРЛАР САНЫН ЕНГІЗУДІ СҰРАУ БАҒДАРЛАМАСЫ НӘТИЖЕСІ. 3 ҚЫРЛЫ

2.51 СУРЕТ - ПАЙДАЛАНУШЫДАН ҚЫРЛАР САНЫН ЕНГІЗУДІ СҰРАУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ. 6 ҚЫРЛЫ

2.52 СУРЕТ - ПАЙДАЛАНУШЫДАН ҚЫРЛАР САНЫН ЕНГІЗУДІ СҰРАУ БАҒДАРЛАМАСЫ НӘТИЖЕСІ. 6 ҚЫРЛЫ

2.53 СУРЕТ - ПАЙДАЛАНУШЫДАН ҚЫРЛАР САНЫН ЕНГІЗУДІ СҰРАУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ. 2 ҚЫРЛЫ

2.54 СУРЕТ - ПАЙДАЛАНУШЫДАН ҚЫРЛАР САНЫН ЕНГІЗУДІ СҰРАУ БАҒДАРЛАМАСЫ НӘТИЖЕСІ. 2 ҚЫРЛЫ

2.55 СУРЕТ - ПАЙДАЛАНУШЫДАН ҚЫРЛАР САНЫН ЕНГІЗУДІ СҰРАУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ. 4 ҚЫРЛЫ

2.56 СУРЕТ - ПАЙДАЛАНУШЫДАН ҚЫРЛАР САНЫН ЕНГІЗУДІ СҰРАУ БАҒДАРЛАМАСЫ НӘТИЖЕСІ. 4 ҚЫРЛЫ

Біз Python тіліндегі Turtle кітапханасын қолданып, түрлі-түсті және әсерлі фигураларды салуды үйрендік. Turtle кітапханасын пайдалану үшін бағдарламаға "import" командасы арқылы қосу керек екенін білдік. Сонымен қатар, дайын кодты қайта қолдану - бағдарламалаудағы ең тиімді тәсілдердің бірі екенін түсіндік. Бұл әдіс арқылы өзіміз уақыт үнемдеп, басқалардың жазған пайдалы кодтарын өз жобамызға импорттап, күрделі әрі әдемі шешімдер жасай аламыз. Бағдарламамызда x және sides сияқты айнымалылар қолданылды. Айнымалылар - бұл орындалу барысында сан немесе мән сақтап тұратын контейнерлер, оларды бірнеше рет пайдаланып, қажет болғанда өзгерте аламыз.

2.6 Pygame графикалық интерфейсі

Графикалық пайдаланушы интерфейсі (GUI, ағылшын тілінен «graphical user interface») - компьютер экранында көрінетін батырмалар, иконкалар, мәзірлер мен терезелер жиынтығы. Қысқаша айтқанда, GUI - бұл пайдаланушы мен компьютер арасындағы визуалды өзара әрекеттесу ортасы. Мысалы, файлды ашу үшін оның белгішесін екі рет шерту немесе ойындарда пернелерді басу, тышқанды жылжыту, шерту сияқты әрекеттер GUI арқылы жүзеге асады. Бағдарламашы осы графикалық интерфейсті құрып, пайдаланушы әрекеттеріне жауап беруді қамтамасыз етеді. Қазіргі заманғы көпшілік графикалық интерфейстер WIMP моделіне негізделеді, яғни Window (терезе), Icon (иконка), Menu (мәзір), Pointer (көрсеткіш). Бұл модель негізінде әрбір терезеде бірнеше графикалық элементтер - виджеттер орналасады. Мәзірлер терезенің әртүрлі аймақтарында болуы мүмкін, бірақ олардың мақсаты - алдын ала анықталған әрекеттер тізімінен қажетті функцияны таңдау. Пайдаланушы графикалық интерфейске көрсеткішпен (әдетте, тінтуірдің меңзері немесе джойстик) әрекет етеді, бірақ басқа да нұсқағыш құрылғылар қолданылады. Графикалық интерфейстің басты мақсаты - пайдаланушы мен компьютер арасындағы қарым-қатынасты жеңілдету. Интерфейс жобалауда бағдарламашы немесе дизайнер ең қолайлы виджеттерді таңдап, қажетсіз элементтерді азайтуы тиіс. Сонымен қатар, интерфейстің сыртқы пішіні мен оның функциялары пайдаланушыға бірден түсінікті болуы қажет. Жақсы жобаланбаған GUI, тіпті ішкі алгоритмдері күрделі болса да, пайдаланушыға түсініксіз болуы мүмкін. Интерфейс пайдаланушының жиі жасайтын әрекеттерін жеңіл әрі ыңғайлы түрде қамтамасыз етуі керек. Көптеген бағдарламаларда мұндай әрекеттерді бөліп көрсету үшін «шеберлер» (wizards) деп аталатын арнайы қадамдық экрандар қолданылады. Бірақ егер қолданушы өзіне қажетті шешімдерді өз қолымен жасауға мүмкіндік беретін конструктор болса, бұл да тиімді тәсіл болып табылады. Типтік әрекеттерді анықтау әрдайым оңай емес, сондықтан кейде «шеберлер» мен конструкторлар үйлесімін қолдану ыңғайлы. Дегенмен, барлық жағдайда графикалық интерфейс ең тиімді шешім емес. Кейбір салаларда пайдаланушыға шешімді формальды тіл немесе сценарий түрінде сипаттау әлдеқайда ыңғайлы болады. Кітапхана дегеніміз - функциялар мен кластардың жиынтығы болып табылатын кодтар топтамасы. Python тілінде мұндай код кітапханаларын сипаттау үшін «модуль» (module) термині қолданылады. Мысалы, pygame модулінің құрамында pygame.draw, pygame.image, pygame.mouse сияқты ішкі модульдер бар. PyGame - бұл Python программалау тілінде 2D ойындар мен мультимедиялық қосымшаларды жасауға арналған арнайы модуль. Turtle кітапханасына ұқсас, Pygame өте визуалды және ойындар, анимациялар мен басқа графикалық интерфейстерді құру үшін өте қолайлы. Бұл кітапхана кроссплатформалық болып табылады, яғни Windows, macOS және Linux сияқты әртүрлі операциялық жүйелерде жұмыс істейді. Сондықтан Pygame көмегімен жазылған ойындар мен бағдарламаларды әртүрлі компьютерлерде орындауға болады. Pygame кітапханасын орнату үшін ресми Pygame сайтына кіру қажет (2.57-сурет).

2.57 СУРЕТ - PYGAME КІТАПХАНАСЫ САЙТТА ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОЙЫН МЫСАЛДАРЫ КӨРІНІСІ

Конец формы

2.3 КЕСТЕ - PYGAME-НІҢ НЕГІЗГІ МОДУЛЬДЕРІ

Модуль атауы	Мақсаты
pygame.cdrom	CD-ROM жетектерін басқару және оған кіру

pygame.cursors	Курсор бейнелерін жүктеу
pygame.display	Экранға кіру
pygame.draw	Фигураларды, сызықтарды және нүктелерді сызу
pygame.event	Сыртқы оқиғаларды басқару
pygame.font	Жүйелік қаріптерді қолдану
pygame.image	Кескінді жүктеу және сақтау
pygame.key	Пернетақтада басқан пернені оқу
pygame.mixer	Дыбыстарды жүктеу және ойнату
pygame.mouse	Тінтуірмен басқару
pygame.movie	Кинофильм файлдарын ойнату
pygame.music	Музыка және аудиолармен жұмыс
pygame.rect	Төртбұрышты аймақтарды басқару
pygame.sndarray	Дыбыс деректерін басқару
pygame.surface	Суреттер мен экранды басқару
pygame.transform	Суреттерді өзгерту және жылжыту
pygame.time	Уақыт пен кадр жиілігін басқару

Pygame көмегімен нүкте салу. Pygame орнатылғаннан кейін, 2.58-суреттегі мысалға сәйкес, экранға нүкте салу үшін қарапайым бағдарламаны іске қосуға болады.

2.58 СУРЕТ - БАҒДАРЛАМА SHOWDOT.PY ӘРЕКЕТІ

Келесі кодты жаңа IDLE терезесіне көшіріп енгізіңіз: # ShowDot.py

```
import pygame
pygame.init()
```

screen = pygame.display.set_mode([800, 600]) # Терезенің өлшемін белгілейміз: ені 800, биіктігі 600 пиксель

```
running = True

GREEN = (0, 255, 0)  # RGB форматында жасыл түс (қызыл, жасыл, көк)
```

radius = 50 # Шеңбердің радиусы 50 пиксель

while running:

```
    for event in pygame.event.get():
        if event.type == pygame.QUIT:
            running = False

    pygame.draw.circle(screen, GREEN, (100, 100), radius)  # Экранға жасыл шеңбер салу
    pygame.display.update()  # Экрандағы өзгерістерді көрсету

pygame.quit()  # Бағдарламаны аяқтап, Pygame-ді дұрыс жауып қою
```

Осы бағдарламаның әрбір жолын түсініп көрейік:

```
    •    Алдымен pygame модулі импортталады, бұл арқылы оның функцияларын қолдана аламыз. Pygame-ді пайдалану үшін бағдарламаның басында әрдайым import pygame деп жазу керек.
```

- pygame.display.set_mode([800, 600]) функциясы 800 пиксель ені мен 600 пиксель биіктігі бар экран терезесін жасайды. Бұл экранның беті screen айнымалысына сақталады. Pygame-де терезе мен графика беттері деп аталады, оларда барлық кескіндер көрсетіледі.
- Ойын циклында қолданылған keep_going (немесе running) айнымалысы циклдің жұмыс істеуін басқарады. Осы мысалда ол пайдаланушы терезені жапқанша экранда графиканы үздіксіз салу үшін пайдаланылады.
- Екі айнымалы - GREEN және radius - шеңберді сызу кезінде қолданылады. GREEN айнымалысы ашық жасыл түске сәйкес RGB форматындағы (0, 255, 0) мәнін қабылдайды.
- RGB (қызыл, жасыл, көк) - түстерді көрсету тәсілі, онда әр түс 0-ден 255-ке дейінгі мәнмен анықталады. Мысалы, (0, 255, 0) - таза жасыл түс.
- Айнымалы атаулары кейде тұрақты мән ретінде қарастырылады, сондықтан оларды бас әріптермен жазуға болады. Мұнда GREEN тұрақты түс ретінде белгіленген, өйткені оның мәні бағдарлама барысында өзгермейді. radius айнымалысына 50 мәні берілген, бұл радиусы 50 пиксель шеңберді салуға мүмкіндік береді (диаметрі - 100 пиксель).
- Бағдарламадағы басты цикл - ойын циклі. Ол пайдаланушы ойыннан шыққанға дейін үздіксіз жұмыс істейді.
- Цикл ішінде for құрылымы арқылы барлық оқиғалар тексеріледі. Бұл мысалда тек бір оқиғаға назар аударылады - пайдаланушының терезенің жабу батырмасын басуы (pygame.QUIT), ол keep_going айнымалысын False етіп өзгертіп, циклды тоқтатады.
- pygame.draw.circle() функциясы экран бетінде (screen) жасыл (GREEN) түспен, радиусы 50 болатын шеңберді (100, 100) координатасында салады. Бұл координаталар терезенің жоғарғы сол жақ бұрышынан бастап есептеледі: оңға 100 пиксель және төмен 100 пиксель.
- Pygame-де шеңбер, тіктөртбұрыш, сегмент сияқты фигураларды салу үшін арнайы функциялар бар.
- Экрандағы өзгерістерді көрсету үшін pygame.display.update() функциясы шақырылады, ол жаңа сызбаларды экранға шығарады.
- Бағдарлама аяқталған соң, яғни пайдаланушы ойын циклынан шыққанда, pygame.quit() шақырылып, Pygame модулі тазартылады - бұл барлық ашылған ресурстарды босатып, экран терезесін жабуға мүмкіндік береді. Осылайша, Pygame кітапханасын пайдалану арқылы қарапайым сурет салудың қаншалықты оңай және қуатты екенін көреміз. Бұл бағдарлама негіз болып, әрі қарай күрделі графика, анимация және ойындарды жасауға мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары

- Python-ның графикалық мүмкіндіктері қандай кітапханалар арқылы жүзеге асады?
- Python-да графика құру үшін қандай құралдар қолданылады?
- GUI дегеніміз не?
- Python-да графикалық интерфейсті жасау үшін қандай негізгі модульдер бар?
- Tkinter кітапханасы туралы қысқаша түсінік беріңіз.
- Pygame модулі қандай мақсатта қолданылады?
- Turtle кітапханасының негізгі ерекшеліктері қандай?
- Python графикасында пиксель дегеніміз не?
- Экран координат жүйесі қалай ұйымдастырылған?
- Графикада түс қалай көрсетіледі?
- Python-ның графикаға қатысты қандай негізгі функциялары бар?
- Графикадағы оқиғалар (event) деген не?
- Python-да графикалық элементтерді қалай басқаруға болады?
- Графикадағы анимация дегеніміз не?
- Графикалық интерфейстің негізгі элементтері қандай?
- Python-да экран түсін өзгерту үшін қандай әдістер қолданылады?
- RGB түс жүйесі қалай жұмыс істейді?
- Python-да түс параметрлерін қалай көрсетуге болады?

- Pygame-да экран түсін өзгерту үшін қандай функция қолданылады?
- Turtle кітапханасында экран түсін қалай өзгертеміз?
- Түсті атаумен қалай анықтауға болады?
- Python-да түс кодын қалай жазамыз?
- Экранның фон түсін динамикалық өзгерту үшін қандай алгоритм қолдануға болады?
- Түсті градиентпен қалай ауыстыруға болады?
- Экран түсін цикл ішінде өзгертуге бола ма?
- RGB түсінің әрбір компоненті қандай диапазонда болуы керек?
- Pygame экранында түсті қалай тазартуға болады?
- Python-да HEX форматындағы түсті қалай қолдануға болады?
- Экран түсін өзгерткенде қандай қателіктер жиі кездеседі?
- Экран түсін өзгертуге арналған кітапханаларды салыстырыңыз.
- Python-да цикл дегеніміз не?
- while циклінің негізгі құрылымы қандай?
- for циклы қалай жұмыс істейді?
- Шартты операторлардың негізгі түрлері қандай?
- if, elif, else операторларының айырмашылығы неде?
- Цикл ішінде шартты операторды қалай қолдануға болады?
- Циклдан шығу үшін қандай оператор қолданылады?
- break және continue операторларының айырмашылығы неде?
- Циклдар мен шарттардың графикада қолданылуы қалай жүзеге асады?
- Цикл ішінде графикалық объектілерді қалай жаңартуға болады?
- Циклдың шартын қате жазған жағдайда не болады?
- for циклының жұмыс істеу аймағын сипаттаңыз.
- while циклінің шексіз циклге айналуын қалай болдырмауға болады?
- if операторымен қатар логикалық операторларды қалай қолданамыз?
- Python-да шарттар мен циклдардың орындалу реті қандай?
- Шартты операторлардың негізгі мақсаты неде?
- Python-да if операторы қалай жазылады?
- Екі немесе одан көп шартты қалай біріктіруге болады?
- Шарттарда логикалық операторлардың қолданылуын түсіндіріңіз.
- else блогының міндеті неде?
- Python-да көп деңгейлі шарттарды қалай жазамыз?
- Тернарлы оператор деген не және қалай қолданылады?
- Шартты операторда қандай типтегі мәліметтерді тексеруге болады?
- Қандай жағдайда if операторы орындалмайды?
- if...elif...else конструкциясының жұмысы қалай жүзеге асады?
- Шартты операторлардың шарттарын жазуда жиі кездесетін қателіктер қандай?
- Пайдаланушы енгізген мәнге шартты оператор арқылы қалай жауап беруге болады?
- Python-да шарттар мен циклдарды біріктіру мысалын келтіріңіз.
- Шарттарды жазу кезінде скобкаларды қолдану қажет пе?
- if операторының ішінде тағы да if қолдану мүмкін бе?
- Turtle кітапханасының мақсаты қандай?
- Turtle графикасында жұлдыз салу үшін қандай командалар пайдаланылады?
- Turtle модулін қалай импорттаймыз?
- Turtle экраны қалай ашылады?

- Жұлдыз сызу үшін циклді қалай қолданамыз?
- Turtle-да түстерді қалай орнатуға болады?
- Позицияны қалай өзгертуге болады?
- Turtle-де жылдамдықты қалай баптаймыз?
- Жұлдыздың әр бұрышын қалай есептейміз?
- Turtle графикасында цикл мен шартты операторлың ролі қандай?
- Turtle кітапханасында экранды тазарту командасы қандай?
- Жұлдызды сызу кезінде қандай қателіктер болуы мүмкін?
- Turtle графикасында координат жүйесі қалай ұйымдастырылған?
- Жұлдызды салу кезінде Turtle-дің бағытын қалай өзгертуге болады?
- Turtle кітапханасының артықшылығы мен кемшіліктерін атаңыз.
- Pygame деген не?
- Pygame-ды қалай орнатамыз?
- Pygame модулін программада қалай импорттаймыз?
- Pygame-де экранды қалай құруға болады?
- Pygame-да түсті қалай орнатамыз?
- Pygame-да оқиғаларды қалай өңдейміз?
- Pygame-да ойын циклінің құрылымы қандай?
- Pygame-де графикалық элементтерді қалай салуға болады?
- Pygame-де pygame.draw.circle() функциясының аргументтері қандай?
- Pygame-де экранды жаңарту үшін қандай функция қолданылады?
- Pygame терезесін қалай жабуға болады?
- Pygame-де шрифттар мен мәтінді қалай көрсетуге болады?
- Pygame-да дыбыстарды қалай қосуға болады?
- Pygame-де спрайттар деген не?
- Pygame-да қозғалысты қалай жүзеге асырамыз?
- Pygame-да таймерлер қалай жұмыс істейді?
- Pygame-де анимация жасау принциптері қандай?
- Pygame-де тінтуір мен клавиатура оқиғаларын қалай өңдейміз?
- Pygame-да оқиға циклінің маңызды элементтері қандай?
- Pygame-да фондық суреттерді қалай жүктеп, көрсетуге болады?
- Pygame-да қателіктерді қалай табуға және түзетуге болады?
- Pygame-де ойынның FPS мәнін қалай бақылауға болады?
- Pygame-да объектілердің позициясын қалай басқаруға болады?
- Pygame-да графикалық жобаларды ұйымдастырудың тиімді тәсілдері қандай?
- Pygame-ды үйрену үшін қандай қосымша ресурстарды пайдалануға болады?

ГЛОССАРИЙ

Алгоритм - белгілі бір тапсырманы орындау үшін қажет болатын нақты қадамдар жиынтығы, мысалы, ас әзірлеу рецепті секілді. Анимация - жылдам ауысатын ұқсас суреттер тізбегі, ол қозғалыс иллюзиясын тудырады, мысалы, мультфильмдегі кадрлар.

```
Аргумент — функцияға берілетін енгізу мәні. Мысалы, range(10) функциясында 10 — аргумент.
```

Блок - бірнеше программалық командалардан тұратын топ. Логикалық мәндер - шындыққа сәйкес келетін (True) немесе сәйкес келмейтін (False) мәндер немесе олардың комбинациялары. Енгізу - компьютерге берілетін кез келген деректер немесе ақпарат, оны пернетақта, тышқан, микрофон, камера сияқты құрылғылар арқылы жіберуге болады.

```
Ішкі цикл (кірістірілген цикл) — бір циклдың ішінде орналасқан басқа цикл.
```

Өрнек - нәтижені есептейтін айнымалылар, функциялар, операторлар мен мәндердің белгілі бір ретпен жазылуы. Диапазон - белгілі бір басталу және аяқталу мәндері арасында орналасқан реттелген мәндер жиыны. Python-да range функциясы мысалы, 0-ден 9-ға дейінгі сандарды береді. Импорттау - басқа файлдан немесе модульден жазылған кодты ағымдағы бағдарламаға қосу. Индекс - тізімдегі элементтің орны немесе нөмірі. Инициализация - айнымалыға немесе объектіге алғашқы мәнді беру процесі. Итеративті нұсқа - бағдарламаға кіші өзгерістер енгізіп, оны жаңа нұсқа ретінде сақтау әдісі, мысалы, "Ойын1", "Ойын2" деген сияқты. Кадр - анимация немесе видеоға арналған жеке сурет. FPS (секундына кадрлар саны) - анимациядағы немесе ойындағы экрандағы кескіндердің секундына көрсетілу жылдамдығы. Класс - объектілердің қасиеттері мен әрекеттерін анықтайтын бағдарламалық үлгі. Кілт сөз - бағдарламалау тілінде арнайы мағынасы бар, өзгертілмейтін сөздер. Код - компьютер түсінетін және орындауға арналған программалық нұсқаулар жиыны.

```
Қосу (байланыстыру) — мәтіннің екі бөлігін бір жолға біріктіру операциясы.
Тұрақты — мәні өзгермейтін айнымалы сияқты атаулы мән, мысалы math.pi (3.1415...).
```

Массив - бір типтегі мәндер немесе объектілердің реттілігі, әр элементке индекспен қол жеткізіледі. Модуль - қайта қолдануға арналған функциялар, айнымалылар немесе сыныптар жиынтығы бар файл немесе файлдар пакеті. Соқтығысуды анықтау - экрандағы екі виртуалды объектінің (мысалы, доп пен ракетка) жанасуын тексеру. Қабық (shell) - командаларды қабылдап, орындаушы мәтіндік интерфейс. Мысалы, Python-ның IDLE қабығы. Нысан - кластан жасалған айнымалы, нақты объектіні білдіреді, мысалы, Sprite класының бір элементі.

```
Хабарландыру (декларация) — айнымалы немесе функцияның атын компьютерге таныстыру.
```

Параметр - функцияның кіріс мәнін анықтайтын айнымалы, функция анықтамасында көрсетіледі. Айнымалы - бағдарламада мәнін өзгерте алатын атаулы деректер.

```
Пиксель — экрандағы ең кіші түсті нүкте (picture element).
Қосымша (ауыстыру) — жолға немесе тізімге жаңа элементтерді соңынан қосу операциясы.
```

Тағайындау - айнымалыға мән беру операциясы, мысалы x = 5 - x айнымалысына 5 мәнін беру.

БАҒДАРЛАМА - КОМПЬЮТЕРГЕ ОРЫНДАЛАТЫН ӘРЕКЕТТЕР ТІЗБЕГІ РЕТІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН НҰСҚАУЛАР ЖИЫНЫ.

Мөлдірлік - графикада кескіннің артындағы нысандарды көрсету мүмкіндігі. Жалған кездейсоқтық - кездейсоқ көрінетін, бірақ алгоритм бойынша анықталатын мәндер тізбегі, мысалы ойындағы кездейсоқтықты модельдеу үшін қолданылады. Синтаксис - бағдарламалау тілінің грамматикалық және құрылымдық ережелері. Кездейсоқ сандар - белгілі бір диапазонда алдын ала болжамсыз сандар тізбегі. Оқиға - компьютер қабылдай алатын әрекет, мысалы тышқанды басу, пернені басу немесе таймердің аяқталуы. Оқиғаларға жауап беретін функциялар «оқиға өңдеушілер» деп аталады.

```
Жол (string) — әріптер, сандар, символдар мен бос орындардың қатарынан тұратын мәтін.
```

Шартты өрнек - белгілі бір шарттың орындалуына байланысты әртүрлі әрекеттерді жүзеге асыратын өрнек. Функция - белгілі бір тапсырманы орындауға арналған командалар жиынтығы. RGB түсі - қызыл, жасыл және көк компоненттердің араласуымен алынатын түсті білдіреді. For циклі - белгілі бір блокты бірнеше рет орындауға арналған цикл конструкциясы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- A. Sweigart Разработка компьютерных игр на языке Python / Sweigart A. - 2-е изд., испр. - М.: Национальный Открытый Университет «ИНТУИТ», 2016. -505 с.
- Ч. Северенс Введение в программирование на Python / Северенс Ч. - 2-е изд., испр. - М.: Национальный Открытый Университет «ИНТУИТ», 2016. - 231 с.
- Л.П. Коэльё, В. Ричерт Построение систем машинного обучения на языке Python: пер. с англ. / Коэльё Л.П., Ричерт В. - М.: ДМК Пресс, 2015. – 234 с.
- У. Маккинли Python и анализ данных: пер. с англ. / Маккинли У. - М.: ДМК Пресс, 2015. - 482 с.
- Марк Саммерфилд Python на практике: пер. с англ. / Марк Саммерфилд - М.: ДМК Пресс, 2014. - 338 с.
- Марк Лутц. Программирование на Python: пер. с англ. / Марк Лутц. - СПб.: Символ-Плюс, 2011. - Т.I, II. - 992 с.
- Ж.Ахметова, А.Баймұқанов Python тілінде бағдарламалау. - Алматы: Қазақ университеті, 2022. - 184 б.
- Информатика. Бағдарламалау негіздері (Python). - Электронды оқулық, Bilimland.kz платформасы, 2023.
- А. Әлібекова, С. Оразбекова Бағдарламалау негіздері. - Астана: НЗМ ДББҰ, 2021. - 136 б.
- Python тілі бойынша кіріспе курс. - Aitu.edu.kz - Цифрлық Қазақстан бағдарламасы аясында, 2022.
- Informatik.kz - Python тілінде Turtle - шартты операторлар және циклдер бойынша әдістемелік материалдар.
- Б. Любанович Простой Python. Современный стиль программирования. - СПб: Питер, 2022. - 384 с.
- М. Лутц Изучаем Python. - 5-е изд. - СПб: БХВ-Петербург, 2020. - 1216 с.
- А. Свейгарт Автоматизация рутинных задач с помощью Python. - М.: ДМК Пресс, 2021. - 592 с.
- А. Васильев Самоучитель Python 3. - М.: Наука и Техника, 2020. - 320 с.
- Бриггс Дж. Python для детей. Весёлое знакомство с программированием. - СПб: Питер, 2018. - 368 с.
- E. Matthes Python Crash Course. - 3rd ed. - No Starch Press, 2023. - 552 pp.
- A. Sweigart Automate the Boring Stuff with Python. - 2nd ed. - No Starch Press, 2019. - 592 pp.
- M. Lutz Learning Python. - 5th ed. - O’Reilly Media, 2013. - 1600 pp.
- A. B. Downey Think Python: How to Think Like a Computer Scientist. - 2nd ed. - O’Reilly Media, 2015. - 292 pp.
- J. Zelle Python Programming: An Introduction to Computer Science. - 3rd ed. - Franklin, Beedle & Associates, 2016. - 552 pp.

ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАР

- https://www.pygame.org
- https://Python-scripts.com›tkinter
- https://www.pygame.org/wiki/GettingStarted
- https://github.com›topics/tkinter-game
- https://informatik.kz
- https://www.youtube.com/@pythonqazaqsha
- https://aitu.edu.kz
- https://stepik.org/course/67
- https://habr.com/ru/hub/python/
- https://pythonworld.ru
- https://www.python.org.
- https://docs.python.org/3/tutorial/
- https://realpython.com
- https://www.w3schools.com/python/
- https://www.codecademy.com/learn/learn-python-3
- https://automatetheboringstuff.com